ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 11 шілде дело №7119-25-00-2/6907 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық жылжымайтын мүлік» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«БАЙЖУМАНОВ АЛАН» жеке кәсіпкер атауымен әрекет етуші Алан Нурланович Байжуманов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІМІ:</u>

2025 жылдың 18 сәуірде Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық жылжымайтын мүлік» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (тапсырыс беруші) мен «БАЙЖУМАНОВ АЛАН» жеке кәсіпкер атауымен әрекет етуші Алан Нурланович Байжуманов (өнім беруші) арасында №76 мемлекттік сатып алу туралы шарт жасалған, онда жауапкер 37 дана компьютер мониторын жеткізу туралы міндеттеме алған. Жалпы шарт сомасы 1 810 928 теңге құрайды. Тауар жеткізу мерзімі тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күні ішінде.

2025 жылғы 18 сәуірде тапсырыс беруші өнім берушіге техникалық ерекшелікке сай тауарды жеткізу туралы өтінім жолдаған, атап айтқанда 2025 жылғы 05 мамырға дейін.

Алайда жауапкер тарапынан тауарлар көрсетілген мерзімде тиісті түрде жеткізілмеген.

Тараптар арасында аталған шарт біржақты 2025 жылғы 09 маусымда бұзылған.

Талап қоюшы шарт талаптарын тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды талап етті.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі ол, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Шарт талаптарын сай өнім берушілер шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Сотпен анықталғандай, жауапкер шарт талаптарын орындамаған, атап айтқанда қызмет көрсетушімен техникалық ерекшеліктегі талаптарға сай келетін талаптарды орындамаған. Жауапкер шартты орындамаудың дәлелді себептерін растайтын құжаттарды сотқа табыс етпеді. Жауапкердің кінәлі әрекетінен үш шарт міндеттемелері орындалмаған.

Тараптар арасындағы шарт тапсырыс беруші біржақты тәртіппен 2025 жылғы 9 маусымда бұзды. Біржақты тәртіппен бұзылған шарт жауапкермен дауланбады.

Істің мұндай жағдайында, «БАЙЖУМАНОВ АЛАН» жеке кәсіпкер атауымен әрекет етуші Алан Нурланович Байжумановты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 117-бабына сәйкес, мемлекеттік баж 5 898 теңге мемлекет пайдасына жауапкерден өндіріліп алынады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық жылжымайтын мүлік» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «БАЙЖУМАНОВ АЛАН» жеке кәсіпкер атауымен

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 11.07.2025
Дата вступления в законную силу: 17.08.2025, судья Жетибаев Ж. К., 04.09.2025
7119-25-3-1/6679

әрекет етуші Алан Нурланович Байжумановқа мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «БАЙЖУМАНОВ АЛАН» жеке кәсіпкер атауымен әрекет етуші Алан Нурланович Байжуманов мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «БАЙЖУМАНОВ АЛАН» жеке кәсіпкер атауымен әрекет етуші Алан Нурланович Байжумановтан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Ж.К.Жетібаев**

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 11.07.2025

Дата вступления в законную силу: 17.08.2025, судья Жетибаев Ж. К., 04.09.2025

7119-25-3-1/6679